



БҰЙРЫҚ

02.05.2024 ж.

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 133-Н/К

город Шымкент

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығы негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

- 1.Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында, 2024 жылға жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілсін.
- 2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес, қамтылсын.
- 3.Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы бекітілсін.
- 4.Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.
- 5.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың 17 мамыр – 28 маусым айы аралығы болып бекітілсін.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезеңі 2023-28.06.2024 жыл аралығы болып бекітілсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Басшы



А.М.Досанова

Түркістан облысы ДСБ
«Облыстық балалар
ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның
« 02 » 05 2024 жылғы
№ 133-н/к бұйрығына
№1-қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

№	Аты-жөні	Лауазымдық міндеті
1	Сарыбай С.М.	Басшының стратегиялық даму ісі жөніндегі орынбасары
2	Байтөре Ғ.П.	Кәсіподақ ұйымының төрағасы
3	Озбеков Т.О.	Экономикалық-жоспарлау бөлімінің басшысы
4	Акрамова В.И.	Статистика бөлімінің менгерушісі
5	Қарабатыров Ш.М.	Заңгер, Комплаенс қызметі

Түркістан облысы ДСБ
«Облыстық балалар ауруханасы»
ШЖҚ МКК-ның
«02» 05 2024 жылғы
№ 133-н/к бұйрығына
№2-қосымша

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша іс-шара ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
1	Облыстық балалар ауруханасының барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу	17.05.2024-28.06.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Анықтама
2	Облыстық балалар ауруханасының барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау	17.06.2024-21.06.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Сілтеме
3	Облыстық балалар ауруханасының барлық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтама ұсыну	08.07.2024-11.07.2024	Жұмысшы топ мүшелері	Анықтама